

Ата-аналарға кеңес

1. Баланы топтың күн тәртібіне сәкес алып келіп, алып кету керек – баланың тамақтану, ұйықтау және оқу үрдістеріне құқығын бұзбаңыз.
2. Таңғы қабылдау — бұл баланы тәрбиешіге тікелей тапсыру және оның хал-жағдайы туралы қысқаша мәлімет беру.
3. Топ өмірін ұйымдастыру жөніндегі ақпарат стендіге ілінген.
4. Әрбір топ жылдық оқу-тәрбие жұмысының жоспары негізінде бала жасына және мүмкіндігіне сәйкес жұмыс жасайды.
5. Өз балаңызды жақсы көріңіз және басқа балаларды сыйлаңыз – баланың денсаулығы болмай тұрса балабақшаға алып келмеңіз (тәрбиеші баланы қабылдамауға құқығы бар).
6. Егер балабақшада бала денсаулығының нашарлағанын сезсе, онда балабақша медбикесі алғашқы көмек көрсетеді, ата-анасын шақырады, өте қажет болған жағдайда «жедел жәрдем» шақырады.
7. Бала науқастанып келмеген жағдайда немесе демалыста болған жағдайда дәрігерден анықтама алып келуі тиіс (таңертеңгі қабылдау кезінде топ тәрбиешісіне тапсыру керек).
8. Бала бір күнге қалатын болса алдын ала немесе таңертеңгілік (09.00-ге дейін) тәрбиешінің телефон номеріне хабарласып ескерту керек.
9. Күнделікті серуенге 2 рет шығарылады: «қолайлы киінсеңіз жаман ауа райы жоқ» (қолайсыз ауа райы немесе басқа да жағдайларда серуендеу кейінге қалдарылады).